

Заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 26 қыркүйекте № 33464 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 11.09.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелерінің тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Қаржылық мониторинг субъектілерімен жұмыс департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2023 жылғы 11 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы

Ж. Әлиманов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы
2023 жылғы 25 қыркүйектегі
№ 5 бұйрығымен
бекітілген

Заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелерінің тізілімін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелерінің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-1-бабына сәйкес әзірленді.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган – Заңға сәйкес қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі (бұдан әрі – КЖ/ТҚК/ЖҚҚТҚ) өзге де шараларды қолданатын мемлекеттік орган;

2) бенефициарлық меншік иесі – бұл:

клиенттің – заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі;

клиентті өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын;

оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға;

3) Заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелерінің тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) – КЖ/ТҚК/ЖҚҚТҚ мақсатында заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді есепке алуға және сақтауға арналған мемлекеттік деректер базасы;

4) Тізілімді пайдаланушылар – өз құзыреті шегінде қаржы мониторингі субъектілерінің КЖ/ТҚК/ЖҚҚТҚ туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары (уәкілетті органды қоспағанда), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, сондай-ақ Тізілімге қол жеткізе алатын және клиенттер мен бақылаудағы субъектілердің заңды тұлғалардың болжамды бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты Тізілімге енгізу мүмкіндігі бар қаржы мониторингінің субъектілері;

5) заңды тұлғаның тіркелген бенефициарлық меншік иесі – "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында мемлекеттік тіркеу кезінде заңды тұлға көрсеткен заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иесі;

6) заңды тұлғаның болжамды бенефициарлық меншік иесі – заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері туралы бастапқы дереккөздерді талдау және Тізілім пайдаланушыларынан алынған ақпаратты өзектендіру нәтижелері бойынша уәкілетті орган енгізген заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иесі.

2-тарау. Тізілімді жүргізу тәртібі

3. Тізілім уәкілетті орган веб-порталының жабық бөлігінде орналастырылған және заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері туралы клиент ұсынған мәліметтерді іздеуге, дұрыстығын тексеруге, сондай-ақ заңды тұлға ұсынған ақпараттың және Тізілімде көрсетілген ақпараттың сәйкессіздігі анықталған жағдайда Тізілімді пайдаланушылардың толықтырулар енгізуіне арналған.

4. Тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді уәкілетті орган мыналардың:

1) өзге де мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялануы;

2) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарымен уәкілетті органға олардың қызметі шеңберінде анықталған заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері туралы ақпарат беруі;

3) уәкілетті органның сұрау салуларды өзге мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жіберуі;

4) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша заңды тұлғалардың өздерінің бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты және мәліметтерді ұсынуы;

5) Қазақстан Республикасының құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдары, сонымен қатар қаржы мониторингі субъектілері Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚК/ЖҚҚТҚ туралы заңнамасының сақталуын бақылау өз құзыреті шеңберінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары (бұдан әрі – мемлекеттік реттеуші-орган) және қаржы мониторингі субъектілері заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері туралы олардың қызмет нәтижелері бойынша ұсынған ақпараты мен мәліметтері негізінде жүзеге асырады.

5. Уәкілетті орган Тізілімнен ақпарат пен мәліметтерді:

1) бақылаудағы субъектілер бойынша мемлекеттік реттеуші-органдарға;

2) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға;

3) қаржы мониторингінің субъектілеріне ұсынады.

6. Тізілімді жүргізуді уәкілетті орган заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелері туралы бастапқы дереккөздерді талдау және алынған ақпаратты өзектендіру жолымен жүзеге асырады.

3-тарау. Тізілімді пайдалану тәртібі

7. Тізілім белгілі бір заңды тұлға бойынша бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді және бенефициарлық меншік иесі белгілі бір жеке тұлға болып табылатын заңды тұлғалардың тізбесін қамтиды.

8. Тізілімде заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иелерін іздеу жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) бойынша немесе ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) бойынша жүзеге асырылады.

9. Тізілім пайдаланушыларына ұсынылатын деректер мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/ұйымның атауы;

2) ЖСН/БСН;

3) заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иесінің мәртебесі (тіркелген немесе болжамды);

4) заңды тұлғалардың болжамды бенефициарлық меншік иесін айқындау жөніндегі есептің өзектілігі күні.

10. Тізілімді пайдаланушылар заңды тұлға ұсынған ақпараттың және Тізілімде көрсетілген ақпараттың сәйкессіздігі анықталған жағдайда олар "ұйым қосу" немесе " заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иесін қосу" функциясын пайдаланады.

11. Заңды тұлғалардың қосылған бенефициарлық меншік иелері үшін тізілім пайдаланушылары түсіндірме-негіздеме көрсетеді.

Түсіндірме-негіздеме заңды тұлғаның енгізілген жаңа бенефициарлық меншік иесін анықтаудың өзіндік тетігі мен алгоритімі туралы ақпаратты қамтиды.

12. Заңды тұлғалардың бенефициарлық меншік иесі бойынша енгізілген мәліметтер жалпы Тізілімде сақталады және көрсетіледі және Тізілімінің барлық пайдаланушыларына қолжетімді болады.

4-тарау. Мемлекеттік реттеуші-органдарның, құқық қорғау органдарның және қаржы мониторингі субъектілерінің Тізілімге ақпарат беру тәртібі

13. Тізілімге ақпарат уәкілетті органның бөлінген байланыс арнасының жеке кабинеті арқылы:

1) мемлекеттік реттеуші-органдар бақылаудағы субъектінің заңды тұлғасының бенефициарлық меншік иесі туралы ақпараттың сәйкес келмеуінің анықталуына қарай;

2) қаржы мониторингінің субъектілері Тізілімде көрсетілген бенефициарлық меншік иелері туралы ақпарат клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша қаржы мониторингінің субъектілері алған деректермен сәйкес келмеген жағдайда беріледі.

14. Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардың ақпарат беру тәртібі уәкілетті және құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасу жөніндегі бірлескен акт негізінде жүзеге асырылады.